

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:
Аспан әлеміндегі құпиялар

“Алтынтөбе” ж.о.м.
Бейсенбиева Гулбахира қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі

Сабақтың тақырыбы:
Күн мен Ай

**Осы сабақ арқылы жүзеге
асатын оқу мақсаты :**

5.Т/А1. Тірек сөздер мен
ұсынылған иллюстрациялар
арқылы тақырыпты болжау.
5. Ж/ 3. Сюжеттегі суреттердің
(фотосуреттер) желісі бойынша
әңгіме құрастыру

«Блум» таксономиясындағы
білу, түсіну, қолдану
қадамдарын басшылыққа ала
отырып сабақты мақсатты
жоспарлауға қолданамын

Сабақтың мақсаты:

Барлық оқушылар орындай алады:

- Тірек сөздер мен иллюстрациялар арқылы тақырыпты түсінеді
- Сюжеттегі суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастырады.

Көптеген оқушылар орындай алады:

- Тірек сөздер арқылы мен иллюстрациялар арқылы кейіпкерлерді талдап, сюжеттегі суреттердің (фотосуреттер) реттілігін сақтай отырып, әңгіме құрастырады.

Кейбір оқушылар орындай алады:


- Тірек сөздер мен иллюстрациялар арқылы дәлел келтіріп, болжайды.
- Сюжеттегі суреттердің желісі бойынша бүгінгі өмірмен байланыстырып, қызықты әңгіме құрастырады.

Оқу мақсатына жету үшін қолданылатын әдіс- тәсілдер

Жазылым алды ТЖ. «Кластер»
белсенді әдісі (Топтық жұмыс)
«Ай мен Күн, Жер» сөздерінің мағынасын ашатын тірек сөздер ұсынады.




«Кластер» әдісі



Ширату жаттығуы
«Суреттер: Не болды?» әдісі арқылы оқушының зейінін шоғырландыруды көздедім. Өзіндік ерекшеліктерін анықтайды.

Белсенді оқу әдістері

ТЖ. «Хикая картасы»
белсенді әдісі (Суреттерді картаға қойып, әңгіме құрастыру)



Сабақты қорытындылау
мақсатында «**Автор орындық**» белсенді әдісін қолданамын

ЖЖ. «Пікірлер базары»
белсенді әдісі арқылы «кейіпкердің іс- рекетіне баға беріп, болжап, әңгіме құрастырады

Саралау тапсырмалары

А. Тірек сөздер арқылы суретке қарап, тақырыпты анықтап, болжаңыз



С. Тірек сөздер арқылы суретке қарап, өмірмен байланыстырып, дәлел келтіріп, әңгіме құрастырып айтыңыз

В. Тірек сөздер арқылы суреттердің реттілігін сақтап, әңгіме құрастырыңыз



Тапсырманы жеңілден күрделіге қарай бағыттауым табысты болады деп ойлаймын

Критериалды бағалау

Оқу мақсатына нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру мақсатында критериалды бағалау жұмыстары жүргізіліп отырады.

Бағалау критерийі	Дескриптор
Тірек сөздер арқылы тақырыпқа болжам жасайды;	Тірек сөздер арқылы суретке қарап, тақырыпты болжайды;
-Сюжетті суреттер бойынша реттілігін сақтай отырып, қызықты әңгіме құрастырады	Сюжетті суреттердің реттілігін сақтап, әңгіме құрастырады
	Суретті өмірмен байланыстырып дәлел келтіріп, әңгіме құрастырады

Қалыптастырушы бағалау

Оқушылардың қажеттіліктерін анықтау немесе қанағаттандыру мақсатында кері байланыс жүргізіледі. Ол оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді.

«Шапалақ»

«Бағдаршам» сигналдары

Топтық бағалау (смайлктер арқылы)

«Екі жұлдыз, бір тілек»

«Бас бармақ»

Оқушылардың білім деңгейін саралау және жинақтау мақсатында **«Екі жұлдыз, бір тілек»** арқылы кері байланыс жасатамын.

Ықшамсабақтың сабақты жоспарлаудағы ықпалы

Тренердің кері байланысы

Оқу мақсатын SMART форматында жасау керек екенін білдім. Дескрипторларды критерийлерге сай қою туралы, саралау тапсырмаларын әр сабақта беріліп отыру туралы ұсыныс білдірді.

Әріптестердің кері байланысы

Әріптестерімнің ықшам сабақ өту барысында кері байланыс беруінің арқасында тапсырмаға сай дескриптор құруды үйрендім. Әріптестеріммен бірлесе отырып, сабақ мақсатын SMART бойынша сабақ жоспарлауды іске асырдым

Болашаққа жоспарым

- Оқушылармен үнемі тепе-теңдікті ұстауды, еркіндік беруді;
- Оқытуды сапалы ету үшін жаңа тәсілдерді қолдана отырып, сабақтарымды түрлендіруді;
- Әріптестерімді қызықтырып, бірлесе жұмыс жасауды жоспарлаудамын.